



*Мұғалімнің жұмыс жүргізу
жүйесі*

Жақсы мұғалім болу үшін не істеу керек?



Білім беру ісіндегі басты тұлға мұғалім екені ақиқат. Сол мұғалімнің мәртебесін арттыру, абыройын көтеру – көп қырлы үдеріс.

Бүгінгі заман талабына сай педагог – ол
рухани дамыған, педагогикалық
технологияның қыр-сырын жетік меңгерген
шығармашыл тұлға болуы тиіс

- Ұстаздың педагогикалық шеберлігі мен кәсібилігінің айырылмас құрам бөлігі ретінде оның кәсіби құзыреттілігі саналады. Құзыреттілік ұғымы адамның қайсыбір қызметті атқаруға дайындығының құймасын сипаттайды

- Педагог қызметінің түріне қарамастан олардың әрқайсысында құзыреттілік екі негізгі компоненттен тұрады:
- 1. Оқытушының теориялық дайындығын анықтаушы білімдер жүйесі.
- 2. Оның кәсіби қызметін іс жүзінде атқаруға дайындығының негізгі құраушысы болатын ептілік пен дағдылар жүйесі.

- Мұғалімнің құзыреттілігі оның сабақты нәтижелі жүргізуіне де тікелей байланысты. Сабақ нәтижелі болуы үшін мұғалімдер төменгі ережелерді ескергендері дұрыс:
- - өте жинақы болу, оқушылардың алдына қоятын мақсат нақты, айқын болуы және мақсатқа жетудің жолдарын ретімен, бірізділікпен жүргізе білу;
- - оқушыларды төмендетіп, жөнді-жөнсіз ұрыспау, олардың білмегеніне ренжімеу, мейірімді болу. Егер сыныптың көпшілігі түсінбеген болса, онда өзіңіздің кемшілігіңізді іздеңіз;
- - оқушылардың сөзін бөлмеу, соңына дейін сөйлеуге мүмкіндік беру, оқушының жауабы дұрыс болмаса, ол қойылған сұрақтың нақты болмауынан;
- - тапсырма мен нұсқау анық, оқушы мұғалімнің талабын анық түсінетін болуы шарт;
- - сабақ барысында оқушылардың зейінін тұрақтандыру, егер ауытқулар болса, тақырыпты өзгерту немесе қосымша материалдарды пайдалану, оқушылардың ынта-ықыласын, қызығушылықтарын қадағалап отыру;
- - сабақты дәл уақытында бастау, уақытты үнемдей білу, тәрбиелік ақыл-кеңесті ұзақ уақыт айтып тұрудың қажеттілігі аз;
- - оқушыларға қойылған талап міндетті түрде жүзеге асуы керек;
- - сабақтың өткізілу темпі интенсивті, бірақ оқу материалдарын оқушылар толық меңгеруіне жағдай жасалуы шарт;
- - оқушылардың жауабын мақұлдап, ынталандырып, қоштап отыру қажет.

Егер мұғалім жоғарыда аталған шарттар мен өзін-өзі жетілдіруге арналған мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланса, онда мұғалім өз жұмысының нағыз шебері болатыны даусыз. Қазіргі қоғамға сәйкес жеке тұлғаны қалыптастыру үшін мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі де сай болар еді.



- Пайдаланған әдебиеттер:

1. Педагог журналы, 2013ж. №5 баспа 17 бет.
2. Каримов А.Н. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері: оқу құралы. – Алматы: Қазақ Университеті, 2010. – 225б.
3. Бөшірова Ж.Р., Әлқожаева Н.С. Тұлғааралық қарым-қатынас педагогикасы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.-175 б.
4. Таубаева Ш. Педагогикалық кәсіптік қызығушылықтың қызметі., 2001. – 45 б.